



Әкімдіктің 2011 жылғы 3 қазандағы № 280 "Жекешелендіруге жататын, Қарабалық ауданының коммуналдық меншік объектілерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 376 қаулысы. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 13 қаңтарда № 9-12-173 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 25 сәуірдегі № 184 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012.04.25 № 184 қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 – бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің "Жекешелендіруге жататын, Қарабалық ауданының коммуналдық меншік объектілерінің тізбесін бекіту туралы" 2011 жылғы 3 қазандағы № 280 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-164 тіркелген, 2011 жылғы 3 қарашада "Айна" аудандық газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жекешелендіруге жататын, Қарабалық ауданының коммуналдық меншік объектілерінің тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес реттік нөмірлері 4, 5 - жолдармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ф. Филиппов

Ә к і м д і к т і ң

2011 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 376 қаулысына қосымша

Жекешелендіруге жататын, Қарабалық ауданының коммуналдық меншік объектілерінің тізбесі

Реттік нөмірі	
Объектінің атауы	
	Объектінің мекенжайы мен балансұстаушы

			Негіздемесі		
				Объекті- н і ң жағдайы	
4	Бұрынғы шаруашылық базаның ғимараты, жалпы ауданы 686,1 шаршы метр	мал "Қарабалық әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар және автомобиль көлігі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Рыбкин селосы ауданы	"Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2011 жылғы 1 қарашадағы № 278 хаты	- Жағдайы қанағаттанарлықсыз
5	Бұрынғы шаруашылық базаның ғимараты, жалпы ауданы 645,5 шаршы метр	мал "Қарабалық әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар және автомобиль көлігі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Рыбкин селосы ауданы	"Қарабалық ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2011 жылғы 1 қарашадағы № 278 хаты	- Жағдайы қанағаттанарлық